

“МАЗМҰНДАМА, АННОТАЦИЯ, ЭПИГРАФ, РЕЦЕНЗИЯ ЖАЗУ”

Миралиева Диана Нұрмухан қызы

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті
Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 2-курс студенті
E-mail: diananurmuxan2@gmail.com

Байзаков Жандос Абдазимович

Ғылыми жетекшісі: (PhD)
Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті

АННОТАЦИЯ

Мақалада қазақ тілі әдебиетін оқутуда қолданылатын әдістердің түрлері, өзара жіктік топтары туралы мәлімет беріледі. Сонымен қатар, әр бір әдіске анықтама. Әдістердің қолданылу орны. Қай кезде қолданылғанда қандай нәтиже беруі жайында. Жәнеде мектеп оқушыларының сынып ерекшелігіне байланысты қолданылатын кезеңдері жайында мәліметтер беріледі.

Кілт сөздер: Әдебиет әдістемесі, принцип, жемісті нәтиже, әдіс түрлері, көркем туынды, оқыту шеберлігі, әдіс-тәсіл.

“WRITING CONTENTS, ABSTRACT, EPIGRAPH, REVIEW”

ABSTRACT

The article provides information about the types of methods used in teaching the literature of the Kazakh language, groups of mutual units. Also, help for each method. Place of application of methods. It is about what results it will give when it is used. In addition, information is given about the stages used by schoolchildren depending on the class.

Keywords: Literary methodology, principle, fruitful results, types of methods, artistic works, teaching skills, methods.

Кіріспе бөлім:

Жаңа білім беру жүйесі дәстүрлі оқыту процесін түбегейлі өзгерте отырып, оқытудың жаңа технологияларын пайдаланудың жаңа жолдары қарастырылды. Мұның өзі білім мен тәрбие берудің, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың нәтижелі болуын ұйымдастыра білуді, оқушылардың білімді өз ізденісі мен белсенділіктерін арттыруға бағыттайды. Жастарды биік адамгершілікке, еліне,

Отанына, халқына деген асқан сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеуде әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің орны ерекше.

Негізгі бөлім: Көркем әдебиетті түйсініп, оның мән-мағынасын жете ұғынуға мәтінмен жүргізілетін ауызша жұмыстарымен қатар, жазба жұмыстарының да мәні үлкен. Оқушылардың ой белсенділігін, шығармашылық қабілетін дамытудың күрделі міндеттерді орындауда оларға жазбаша жұмыс орындату қажет-ақ. Шығармашылық дегеніміз адамның белсенділігі мен дербес іс-әрекетінің ең жоғары формасы делінген Педагогикалық энциклопедияда. Шығармашылық жұмыстар түріне мазмұндама, шығарма, АННОТАЦИЯ, рецензия, баяндама, реферат әдеби монтаж жасау секілді жұмыс түрлері енеді. Солардың ішінде сабаққа тікелей қатыстысы және жиі орындалатыны – мазмұндама мен шығарма. Мазмұндама көбіне, әдебиеттік оқу сабақтарында жүргізіледі. Бұл оқушылардың ауызша мазмұндай алуымен тікелей байланысты. Мектепте бастауыш сыныпта-ақ, оқушылардың белгілі бір мәтінді мазмұндап, сұраққа жауап беру дағдылары үйретіледі. Бұл жұмыс үстінде оқушылардың сөйлемді дұрыс құрай алуы, ойын тиянақты жеткізуі, дұрыс жауап бере алулары бақыланады. Мазмұндама жұмысына дайындық кезінде мәтін оқылып, мазмұндалып, меңгерілгеннен кейін, оның жоспары құрылады.

Мысалы:

1. Қазақтың бас ақыны-Абай Құнанбайұлы
2. Ақынның өмірі мен өскен ортасы
3. Ақынның шығармашылығы

Егер мәтін көлемді болса, оның бір бөлігіне ғана мазмұндама жаздыртуға болады. Мәселен, Ғ. Мүсіреповтің Ақлима әңгімесінің сюжеті алыстан келген жауынгер хатына байланысты. Әңгімені мынадай бөлімдерге бөлуге болады:

1. Жауынгер хаты.
2. Хаттың сыры.
3. Ана шешімі. Енді осы

Шығарма жаздыруға мынадай талаптар қойылады:

1. Тақырыпты түсіну және талдай алу.
2. Тақырыптың мқсаты мен мазмұны білу.
3. Шығармаға жоспар құру.
4. Ойды дұрыс, қисынды құрау.
5. Сөзді, сөйлемді орынды қолдана алу.
6. Эпиграфты дұрыс таңдау.

Шығарма саяси, ғылыми, танымдық, әдеби, публицистикалық болып жіктеледі. Оқушылардың шығармасы негізінен екі түрлі болады. Олар:

Әдеби туындылар жайындағы шығармалар. Оқушының өзі және айналадағы құбылыстар туралы жазатын еркін шығармалар. Әдеби туындылар жайындағы шығармаға негізінен көркем туындыларды талдауға құрылатын шығармалар жатады. Олар бағдарламалық шығармаларды қамтиды. Еркін тақырыптағы шығармаға оқушылардың өмірден, айналасынан көргендері одан алған әсерлері, арман-мақсаттарының бейнеленуі жатады. Ең бастысы, шығарманың қай түрінің де шығармашылық еңбек екені ескерілу керек. Шығармаға дайындық қалай жүргізілу керек. Алдымен, шығарма бағдарлама бойынша жоспарлы түрде өтеді. Оқушыларға шығарма жазатындары ескертілу керек. Шығармаға арқау болатын тақырып оқушылардың жас ерекшелігіне сай алынады. Оқушыларға шығарма үшін ұсынылатын тақырып белгілі, оқушылардың мағлұматы бар тақырып болғаны дұрыс. Яғни, бағдарламада көрсетілген, оқушылардың өздері сыныпта танысқан, талдаған мәселелері алынады. Мұғалім алда шығармаға арқау болатын тақырыпты өту кезінде, ауызша сұрау, сұраққа жауап беру, жазбаша шағын тапсырмалар орындау, мәтінді бөлімдерге бөлу, ат қою, жоспар жасау секілді жұмыс түрлерін атқару керек. Сонда оқушы көркем туындының мәнді тұстарына назар аударып, негізгі ойды жинақтап, өз пікірлерін айта білуге дағдыланады. Әрине, мектеп оқушысының ауызша сөйлеуі мен жазбаша жұмыс орындауы тең түсіп жатпайды. Кейде ауызша жауапқа жүйрік бала, жазбаша ойын жүйелі бере алмайды. Кейде керісінше болады. Мұндай жағдайды болдырмау үшін мұғалім екі жұмыстың түрін де мүмкіндігінше өткізіп отыру керек. Одан басқа мектеп практикасында оқушылардың мінездеме, суреттеме, ой толғау, тезис, конспект, реферат, баяндама жазуы да жүргізіледі. Бұл жұмысқа да ерекше дайындық жүргізіледі. Мұғалім қандай тапсырманы да нақты, мөлшерлі беру керек. Егер қосымша еңбек, материалдар ұсынылса, ол өте нақты, түстеп берілу керек. Оқушының тапсырма орындауға кететін уақытының да шектеулі екенін еске тұтқан жөн. Тезис – белгілі бір тақырыптың басты мәселелері, түйіндері. Конспект – оқыған мақала, кітап, материалды қысқаша түйіндеп, қорытып жазу. Баяндама мен реферат кейде бірдей саналып жатады. Баяндама ресми түрдегі жиылыстарда, шараларда белгілі бір мәселелер туралы ақпарат, есеп, сипаттама беру, шолу тұрғысында жазылады. Ал, рефераттың ғылыми сипаты басым. Арнайы бір тақырып зерттеліп, қосымша әдебиеттерге, материалдарға сүйене отырып жасалады. Оқушының сол мәселе туралы пайымдары, ойлары беріліп, тұжырымдалады. Ой толғау белгілі бір мәселе бойынша оқушының ой өрбітуі, көзқарасын білдіруі, толғанысы. Бұл жұмыстың дара, шығармашылық сипаты терең. Сондықтан, ол сабақ үстінде, шапшаң орындалатын жұмыс емес. Оған оқушы оймен, байсалды түрде кіріседі, кейде оңаша жазғысы келеді. Сондықтан, бұл жұмысты үй тапсырмасына берген жөн. Шығарма жазуға үйрету – қазіргі

кездегі әдебиет сабағындағы өзекті мәселе. Шығарма жұмысы мұғалімге оқушының ішкі әлемін тануға, шығармашылық қабілетін айқындауға мүмкіндік береді. Шығарма жазуға төселдіру болашақ қоғам мүшесін, тұлғасын тәрбиелеуге ықпал ететін философиялық мәселе. Шығарма – оқушының белгілі бір мәселе бойынша, қоршаған орта жөніндегі өзінің көзқарасын, ішкі ойын білдіруге мүмкіндік беретін алғашқы ұмтылысы. Тіл дамыту бағдарламасына сәйкес барлық сыныптарда әңгіме түріндегі шығарма жаздырылады. Ал, бастауыш сыныптарда-ақ, суреттеу, ойын талдау түрінде беру талап етіле басайды. Шығарма жаздыру алдында әңгімелесу түріндегі дайындық жасалып, оқушылардың алған әсерлері реттеліп, әңгіме сюжетінің сұлбасы жасалады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: (REFERENCES)

1. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» Т.Қ.Қасенова Павлодар қаласы Керуку 2015 жыл
2. «Әдебиетті оқыту әдістемесі» Қ.Бітібаева Алматы қаласы «Рауан» баспасы 1997 жыл
3. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» Б.Д.Жұмақаева Алматы қаласы «Қыздар университеті» баспасы 2015 жыл.